

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Лебедев П.Т. Влияние формализированного молозива на профилактику диспепсии телят / П.Т. Лебедев, Е.И. Филипкина // Методы профилактики и лечения болезней с.-х. животных... Горький. – 1982. – С. 13-16.
- 2 Булыгина М.В. Профилактика вторичных иммунодефицитных состояний у новорожденных телят в племенных хозяйствах / М.В. Булыгина // Матер. междунар. конф. – СПбГАВМ. – Санкт-Петербург. – 2000. – С. 68-69.
- 3 Гусаков В.К. Диетическое молоко при диспепсии телят / В.К. Гусаков, Ю.И. Никитин, Н.В. Палазник и др. // Ветеринарная наука производству. — Минск. — 1984. — №22. – С. 122-126.
- 4 Александров И.Д. Глюкокортикостероиды для профилактики и лечения телят при диспепсии / И.Д. Александров // Ветеринария. – 1985. – №1. – С.61-62.
- 5 Яшин А.В. Современные представления о патогенезе токсической диспепсии у телят / А. В. Яшин // Матер. науч.-практ. конф. — СПбГАВМ. – Санкт-Петербург. – 2000. – С. 86-87.
- 6 Кондрахин И.П. Методы ветеринарной клинической лабораторной диагностики. // И.П. Кондрахин. – М.: КолосС. – 2004. – С. 53-56.

### РЕЗЮМЕ

В этой статье дана сравнительная оценка некоторых гематологических показателей в целях определения эффективности применения препарата Монклави-1 в сочетании с надплевральной новокаиновой блокадой по В.В. Мосину при заболеваниях телят диспепсией.

### RESUME

The comparative estimation of hematological changes determined for the definition of the therapeutical efficiency of undertaking Novocainiblocades to the surface of pleura by Mosin V.V. and the Monklavit – 1 drug that used for treatment of colvesdyspepsy showed in this article.

УДК 619:616.24-002.153

**А. А. Рашитова**, магистрант,

**И.Н. Жубантаев**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,

**Л. Ж. Душаева**, магистр, аға оқытушы,

**Л. С. Мендигалиева**, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

### ҚОЗЫ БРОНХОПНЕВМОНИЯСЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ КЕШЕНДІ ЕМДІК ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

#### Аннотация

Мақалада қозы бронхопневмониясын емдеуде емдік өсімдіктерді және Тимоген препараттарын қолдану кезінде аурудан айығу көрсеткіші берілген. Қозы бронхопневмониясын емдеу кезіндегі гематологиялық көрсеткіштері берілген.

**Түйін сөздер:** *бронхопневмония, гематологиялық көрсеткіштер, термометрия, иммуностимулятор.*

Сау мал өсіру және сақтап қалу мал дәрігерінің ең маңызды міндеті болып табылады. Батыс Қазақстан облысында жұқпалы емес аурулар арасында бронхопневмония кең тараған ауру.

Бронхопневмония – Bronchopneumonia subolis – бронхылардың және өкпелердің жекелеген бөліктерінің қабынып, альвеолалар мен бронхылардың қуыстарына эпителий клеткалары, қан түйіршіктері аралас жалқаяқтың жиналып тоқырауымен сипатталатын ауру. Ауру төлдердің ішінде жиі кездесетіндіктен, көбінесе төл ауруларында дәрістеледі. Тыныс алу жүйесінің ауруларының 80 %-ы осы ауруға келеді. Бұл аурумен бұзаулар, торайлар, қозылар жиі ауырады. Ал құлындардың ішінде сирек кездеседі. Көбінесе бұрын басқа аурумен ауырып жазылған (диспепсия), резистенттілігі төмендеген төлдер жиі ауырады [1].

Ол жас төлдердің өсуін, дамуын және өнімділігін тежиді. Сонымен қатар емдеуге және ауру жануардың азықтандыруға кететін шығындар өседі. Бронхопневмонияны дәстүрлі ем шараларының тиімділігі аз, сол себептен жазылу уақыты ұзаққа созылады және ауру созылмалы түріне өтіп кетуі мүмкін.

Бұл ауру қозыларда терең кейде, қайтымсыз тыныс алу жолдарының бұзылуыны, зақымдалуына әкеліп соқтырады. Ең бірінші болып организмнің қорғаныс иммунологиялық реакциясында маңызды роль атқаратын өкпенің функциясы бұзылады. Соған байланысты микроорганизм вируленттілігі жоғарылап, ол өз кезегінде жаппай интоксикацияға және бронхопневмонияның ауыр өтуіне алып келеді. Организмдегі зат алмасу процесінің бұзылуы және патогенді агенттерді жоюға бағытталған бір уақытта кешенді қорғаныстың биімделуі мобилизацияланады. Бұл өзгерістер тыныс алу органдарының клиникалық белгілерін ғана емес басқада органдардың клиникалық белгілерін өзгертеді (қан тамыр жүйесі, ас қорыту жүйесі және т.б.) [2].

Емдеудің тиімділігі көп жағдайда қозыларға жасалған қолайлы жағдайларға байланысты болып келеді. Ауру жануарларды жеке бөлмелерде ұстау қажет. Жылы, шуақты күндері қозыларды сыртқы серуен алаңына мейлінше ұзақ уақытқа шығарған жөн. Азықтандыру кешенді болуы қажет [3].

Көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан осы аурудың этиологиясы, патогенезі, емдеу және алдын алу мәселелері әліде зерттеулер қажет етуде [4].

Осыған байланысты бронхопневмонияны емдеу үшін иммуностимуляторлық препараттарды қолдану тиімді болып келеді. Сондықтанда иммуностимуляторлық препараттардың бірі титимогенді қозы бронхопневмониясы ауруын емдеуде қолдану – актуальды [5].

**Зерттеу мақсаты:** Зерттеу мақсаты – иммуномодуляторды қолдану кезінде бронхопневмонияға шалдыққан қозылар қанының кейбір гематологиялық көрсеткіштерін анықтау.

**Әдістер мен материалдар:** Тәжірибе жүргізу үшін бронхопневмонияға шалдыққан үш тәжірибелік топтар құрылды. Барлығы 30 қозы (3 топ) бақылауда болды, 2 – 3 айлық бронхопневмонияға шалдыққан қозылар алынды. Барлық үш топтағы қозыларды күтіп – бағу жағдайлары мен азықтандыру принципі бірдей болды.

Қозылардан тұратын үш зерттеу тобы құрылды. 1 –ші тәжірибелік топ қозыларына 180 мың ӘБ бицилин – 3 үш күнде 1 рет және күнделікті витамин В<sub>6</sub> 5%-ды 2 мл ертіндіден тұратын дәстүрлі терепия қолданылды. 2 – ші тәжірибелік топ қозыларына (n=10) 180 мың ӘБ бицилин – 3 үш күнде 1 рет қолдандық. Жөтелге қарсы, қақырық түсіргіш және бронхолитикалық қасиеттерге ие дәрілік шөптер және де иммундық жүйенің белсенділігін қалпына келтіру үшін бұлшық ет ішіне бір рет 10 мкг/кг мөлшерде тимоген қолданылды. Бақылау тобы (n=10) клиникалық дені сау қозылардан құралды.

Бронхопневмониямен ауыратын қозылар қанының гематологиялық өзгерістерді зерттеуді жалпыға мәлім әдістерді қолдану арқылы жүргіздік (Горяев камерасы) [6].

Қан алуды жануарларды азықтандырмас бұрын таңғы уақытта өткіздік. Қанды асептика және антисептика ережелерін қатаң сақтап күре тамырдан алдық. Зертханалық жұмыстар Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – нің «Жұқпалы емес аурулар және морфология» кафедрасында жүргіздік. Бронхопневмониямен ауыратын қозылар қанының гематологиялық өзгерістерді зерттеуді жалпыға мәлім әдістерді қолдану арқылы жүргіздік (Горяев камерасы).

Тәжірибелік жұмыстарды асыл тұқымды етті – жүнді «Ақжайық» шаруашылығында жүргіздік.

**Алынған нәтижелер мен талдаулар:** Тәжірибе жүргізу барысында, бронхопневмония ауруына шалдыққан қозылардың клиникалық суреттемесімен қатар, қан құрамын да зертханалық зерттеуден өткіздік. 1-ші тәжірибелік топты 180 мың ӘБ бицилин – 3 үш күнде 1 рет және күнделікті витамин 5%-ды 2 мл ертіндіден тұратындәрілерімен емделген қозылардың қаныны клиникалық – гематологиялық зерттеуді жүргізу барысында зерттелген көрсеткіштердің соңғы нәтижелері келесідей болды: гемоглобин – 84,2±0,7; эритроцит – 4,3±0,1; лейкоцит – 9,7±0,6; ЭШЖ – 1,2 ±0,07. Зерттеудің 5 күні гемоглобин 87,7±0,8; эритроцит – 5,2±0,04; лейкоцит – 7,3±0,6; ЭШЖ – 1,2±0,03, ал зерттеудің 10 – күні гемоглобин – 91,0 ±0,7; эритроцит – 5,5 ±0,08; лейкоцит – 6,1±0,5; ЭШЖ – 1,2±0,03. Зерттеудің 20-шы тәулігіне қарай зерттелген көрсеткіштер келесідей болды: 95,3 ±0,9; эритроцит – 5,7±0,09; лейкоцит – 5,2±0,2; ЭШЖ – 1,3 ±0,05 (1 кесте).

1 кесте – 1-ші топтағы қозылардың гематологиялық көрсеткіштері

| № п/п | Көрсеткіштер, (n=6)                  | Құрамы        |                   |                    |                    |
|-------|--------------------------------------|---------------|-------------------|--------------------|--------------------|
|       |                                      | 2-ші тәулікте | 5 тәуліктен кейін | 10 тәуліктен кейін | 20 тәуліктен кейін |
| 1     | Гемоглобин, г/л                      | 84,2 ±0,7     | 87,7±0,8          | 91,0±0,7           | 95,3±0,9           |
| 2     | Эритроциттер, (x10 <sup>12</sup> /л) | 4,3±0,1       | 5,2±0,04          | 5,5±0,08           | 5,7±0,09           |
| 3     | Лейкоциттер, (x10 <sup>9</sup> /л)   | 9,7 ±0,6      | 7,3±0,6           | 6,1±0,5            | 5,2±0,2            |
| 4     | ЭШЖ, мм/ч                            | 1,2±0,07      | 1,2±0,03          | 1,2±0,03           | 1,3±0,05           |

2-ші тәжірибелік топта 180 мың ӘБ бицилин – 3 үш күнде 1 рет қолдандық. Жөтелге қарсы, қақырық түсіргіш және бронхолитикалық қасиеттерге ие дәрілік шөптер және де иммундық жүйенің белсенділігін қалпына келтіру үшін бұлшық ет ішіне бір рет 10 мкг/кг мөлшерде тимоген енгізіліпемделген қозыларды клиникалық – гематологиялық зерттеуді жүргізу барысында зерттелген көрсеткіштердің соңғы нәтижелері келесідей болды: гемоглобин – 82,0±0,9; эритроцит – 4,15±0,05; лейкоцит – 9,4±0,8; ЭШЖ – 1,1 ±0,06. Зерттеудің 5 күні гемоглобин 84,0±0,5; эритроцит – 4,83±0,05; лейкоцит – 6,8±0,5; ЭШЖ – 0,93±0,02, ал зерттеудің 10 күні гемоглобин – 85,0 ±0,55; эритроцит – 4,95±0,06; лейкоцит – 7,2±0,3; ЭШЖ – 1,0±0,03. Зерттеудің 20- шы тәулігіне қарай зерттелген көрсеткіштер келесідей болды: 90,0±0,9; эритроцит – 5,26±0,08; лейкоцит – 6,0±0,5; ЭШЖ – 1,2 ±0,04 (2 кесте).

2 кесте – 2-ші топтағы қозылардың гематологиялық көрсеткіштері

| № п/п | Көрсеткіштер, (n=6)                  | Құрамы        |                   |                    |                    |
|-------|--------------------------------------|---------------|-------------------|--------------------|--------------------|
|       |                                      | 2-ші тәулікте | 5 тәуліктен кейін | 10 тәуліктен кейін | 20 тәуліктен кейін |
| 1     | Гемоглобин, г/л                      | 82,0±0,9      | 84,0±0,5          | 85,0±0,55          | 90,0±0,9           |
| 2     | Эритроциттер, (x10 <sup>12</sup> /л) | 4,15±0,05     | 4,83±0,05         | 4,95±0,06          | 5,26±0,08          |
| 3     | Лейкоциттер, (x10 <sup>9</sup> /л)   | 9,4±0,8       | 6,8±0,5           | 7,2±0,3            | 6,0±0,5            |
| 4     | ЭШЖ, мм/ч                            | 1,1±0,06      | 0,93±0,02         | 1,0±0,03           | 1,2±0,04           |

3-ші бақылау тобында қозылардың клиникалық – гематологиялық көрсеткіштердің соңғы нәтижелері келесідей болды: гемоглобин – 80,9 ±2,4; эритроцит – 4,2±0,24; лейкоцит – 8,2±0,54; ЭШЖ – 1,2 ±0,09. Зерттеудің 5 – күні гемоглобин 83,5±1,6; эритроцит – 4,7±0,16; лейкоцит – 9,13±0,7; ЭШЖ – 1,2±0,08, ал зерттеудің 10 – күні гемоглобин – 85,3 ±1,3; эритроцит – 4,95±1,5; лейкоцит – 7,0±0,61; ЭШЖ – 1,1 ±0,05. Зерттеудің 20 – шы тәулігіне қарай зерттелген көрсеткіштер келесідей болды: 87,0±2,0; эритроцит – 5,3±0,08; лейкоцит – 6,2±0,4; ЭШЖ – 1,0 ±0,05 (3 кесте).

3 кесте – 3-ші топтағы қозылардың гематологиялық көрсеткіштері

| № п/п | Көрсеткіштер, (п=6)                  | Құрамы        |                   |                    |                    |
|-------|--------------------------------------|---------------|-------------------|--------------------|--------------------|
|       |                                      | 2-ші тәулікте | 5 тәуліктен кейін | 10 тәуліктен кейін | 20 тәуліктен кейін |
| 1     | Гемоглобин, г/л                      | 80,9±2,4      | 83,5±1,6          | 85,3±1,3           | 87,0±2,0           |
| 2     | Эритроциттер, (x10 <sup>12</sup> /л) | 4,2±0,24      | 4,7±0,16          | 4,95±1,5           | 5,3±0,08           |
| 3     | Лейкоциттер, (x10 <sup>9</sup> /л)   | 8,2±0,54      | 9,13±0,7          | 7,0±0,61           | 6,2±0,4            |
| 4     | ЭШЖ, мм/ч                            | 1,2±0,09      | 1,2±0,08          | 1,1±0,05           | 1,0±0,05           |

**Қорытынды.** Біздің зерттеулерімізді талдай келе тәжірибелік топтағы жануардың 2 – 3 күннен соң дене температурасы қалыпты деңгейге түсті. Күнделікті тексеру кезінде қозылардың жалпы жағдайы, жөтелдің тоқтауын, өкпедегі қырылдардың, тәбетінің жоғарлағаны, минуттық тыныс алу мен соғуы тұрақталды. Жануарлардың клиникалық сауығуы 5 – 7 күнде байқалды. Ал үшінші тәжірибелік топта сауығу бәсең болды. Қозылардың дене температурасының физиологиялық көрсеткіштері 6 – 7 күннен соң тұрақтады, ал аурудың орташа ұзақтығы 10 күнді құрады.

Біздің жүргізген зерттеулер қорытындысы бойынша қозы қанының жалпы гематологиялық көрсеткіштерінен алынған өзгерістер келесідей болды: 2 – ші тәулік кезінде 1,2 және 3 топтын гемоглобин көрсеткіштері 10-шы және 20-шы тәулікке қарай жоғарылаған: 6,6 және 16,2%; 3,6 және 9,7%; 8,0 және 10,8%, ал 1 және 2-ші топтардың эритроциттері: 27,9 және 32,5%; 18,7 және 26,7 %; құрады.

Зерттеудің 10-шы және 20-шы күндеріне қарай 1 –ші және 2-ші топтын қандағы лейкоцит көлемі төмендегені байқалады: 14,7 және 36,6%; 23,5 және 36,2%.

Тәжірибе тобындағы қозыларды тәжірибе басында және 1 айдан кейін салмағын өлшеген кезде тәуліктік орташа салмақ қосуы бақылау тобы қозыларында 320,0 ±0,96г., дәстүрлі әдіспен емделген қозылардыкі – 220,0±1,34г., емдік шараға тимоген қолданылған қозылардыкі – 260,0±1,19 г.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді талдай отырып қозыларда емдік шаралар жүргізілгеннен кейін 2 – ші бақылау тобының жазылу уақыты 1-ші тәжірибелік топқа қарағанда 0,4±0,48 күн бұрын аурудан сауыққан.

Зерттеу қорытындыларына қарап гемоглобин және эритроциттердің көрсеткішіне қарап 1-ші және салыстырмалы түрде 2 –ші топтардың көрсеткіштері үздік деп тауып, ал лейкоциттер көрсеткішіне қарай 1-ші топты жақсы нәтиже көрсетті деуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қожанов Қ.Қ. Малдың ішкі жұқпалы емес аурулары / Қ.Қ. Қожанов. – Семей. – 2005. – 143-150 б.
- 2 Кондрахин И.П. Диагностика и терапия внутренних болезней животных / И.П.Кондрахин. – М.: Аквариум-Принт. – 2005. – 830 б.
- 3 Корииков П.Н. Эффективно и быстро (лечение бронхопневмонии телят) / П.Н.Корииков // Сельские зори. – №11. – 1986. – 48-50 б.
- 4 Шарабрин И.Г. Болезни дыхания сельскохозяйственных животных / И.Г.Шарабрин – М.: Агропромизда, 1985. – 130 – 140 б.
- 5 <http://veterinarua.ru/prochie-bolezni/2309-bronhopnevmoniya-telyat.html>
- 6 Кондрахин И.П. Методы ветеринарной клинической лабораторной диагностики // И.П. Кондрахин. – М.: КолосС. – 2004. – С.53-56.

#### РЕЗЮМЕ

В статье даны показатели выздоровления ягнят при использовании лечебных растений и препарата Тимоген в лечении бронхопневмонии. Приведены гематологические показатели крови при лечении бронхопневмонии.

#### RESUME

The index factor of treatment, using of Timogen drug and medical plants to bronchopneumonia of lambs showed in the article. Also the hematological indexes were defined.